



Көркемделген қысқаша анықтамалық

•

БИОТОПТАР ТШО СЕРІКТЕСТІГІ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ФЛОРА МЕН ФАУНАНЫҢ МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІ



Қазақстан биоалуантүрлілікті
сақтау ассоциациясы



Көркемделген қысқаша анықтамалық

•

БИОТОПТАР ТШО СЕРІКТЕСТІГІ ТЕРРИТОРИЯСЫНДАҒЫ ФЛОРА МЕН ФАУНАНЫҢ МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІ



Қазақстан биоалуантүрлілікті
сақтау ассоциациясы

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	6
Бөлім 1. БИОТОПТАР	7
Бөлім 2. ФЛОРА	23
Бөлім 3. ФАУНА	
3.1. Амфибиялар мен рептилиялар	76
3.2. Құстар	82
3.3. Сүтқоректілер	108
ҚОСЫМШАЛАР	
Сөздік	121
Өсімдіктерді сипаттауда пайдаланатын терминдер	123
Қосымша ақпараттар көздерінің тізімі	126

КІРІСПЕ

Қысқаша көркемделген анықтамалық қоршаған ортаны қорғау саласының мамандарына және тағы басқа мүдделі тараптар үшін көмек ретінде дайындалған. Анықтамалық негізгі үш бөлімнен тұрады. Оларда жеке биотоптардың ерекшеліктері сипатталған және сол жерлерге біршама тән индикаторлық түрлер, сонымен қатар белгілі бір мекендеу ортасына кездесетін ерекше көңіл аударуды қажет ететін флора мен фаунаың сирек түрлері жайында қысқаша ақпарат берілген.

ТШО Серіктестігі территориясында ландшафтың геоморфологиялық және топырақ жамылғысының ерекшеліктері мен антропогендік өзгерістерін ескере отырып бұрыннан (1998 жылдан) жүргізілген экологиялық зерттеулер нәтижелері бойынша топырағы мен тұздылығы, сулануы, өсімдіктер құрамы және сәйкесінше сол жерлерде мекендейтін жануарлардың түрлік алуандылығымен ерекшелінетін 7 биотоп сипатталды:

- Құмда, сұр сортаңды және сор топырақты жерлерде изен, теріскен, эфемерлер аралас өскен еркекшөпті-лерхжусанды, тамырлыжусанды өсімдіктері бар адырлы-бұйратты құмды шөл
- Сарсазан және біржылдық сораң шөптер мен эфемерлері бар және теңіз жағалауы шалғындарындағы сор мен сортаңды топырақты жерлерде тұмар (біраналықты) жусан өскен теңізмаңы сортаңды шөл
- Теңіз жағалауындағы әлсіз сортаңды топырақта сирек сарсазан мен бұзаубас сораң өсімдіктері өскен теңіз жайылма жазығы
- Сарсазан өсімдігімен жиектелген өсімдік өспейтін сор ойпаттар
- Қамыс өскен тұрмыстық сарқынды судан пайда болған жасанды тоғандар
- Техногенді бұзылған жерлер
- Құрылыс алаңдары және оған іргелес территориялар

Бұл биотоптарда сүректі өсімдіктердің 203 түрі, қосмекенділердің бір түрі, жорғалаушылардың 12 түрі, құстардың 198 түрі және сүтқоректілердің 34 түрі тіркелді.

БӨЛІМ



БИОТОПТАР

БИОТОП 1.

Құмда, сұр сортаңды және сор топырақты жерлерде изен, теріскен, эфемерлер аралас өскен еркекшөпті-лерхжусанды, тамырлыжусанды өсімдіктері бар адырлы-бұйратты құмды шөл

ТШО серіктестігі территориясының дәнді дақылдар-жусан-бұталы өсімдіктер өскен шығыс бөлімін құмды шөл алып жатыр. Бұл жерде Каспиймаңы Қарақұмы орналасқан, оның көп бөлігі жайпақ-адырлы, нағыз бекіген құмдар. Өсімдік жамылғысы өте сирек өскен жартылай бекіген немесе әлсіз бекіген биік бұйратты құмдар шамалы. Сонымен қатар аздаған сусымалы шағыл құмдар да кездеседі (бұрынғы Сарықамыс ауылының маңы). Құмды алқаптардың шеті жалпақ құмды шлейфтері түрінде көрініс табады. Сортаң жерлер әсіресе солтүстігінде көптеп кездеседі.

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛЫҚ ТҮРЛЕР

Флора: еркек (күйрек еркекшөп), тамырлы жусан, Лерх жусаны, шығыс мортығы, климокоптера, изен, мүйізді теріскен.

Фауна: дала ешкөмері, өрнекті абжылан (қарашұбар жылан), оқ-жылан, сұр (бұлыңғыр) бозторғай, үлкен (шөл) тағанағы, шөл шақшақайы, құлақты кірпі, сарышұнақ, үлкен құмтышқаны, құм қояны, қасқыр, түлкі, бөкен.



БИОТОП 1.

БИОТОП 2.

Сарсазан және біржылдық сораң шөптер мен эфемерлері бар және теңіз жағалауы шалғындарындағы сор мен сортаңды топырақты жерлерде тұмар (біраналықты) жусан өскен теңізмаңы сортаңды шөл

ТШО серіктестігі ауданының жартысына жуығын өсімдіктер сирек өскен және жерасты суларымен ылғалданып тұзы шығып жатқан үлкен сортаңды сайлар алып жатыр. Көптеген сорлардың тұзды батпақтары оларды былқылдақ жасайды және адам жүре алмайтындай етеді. Олардың ортаңғы бөлімінде бактериялар мен кейбір галофит-омыртқасыздардан басқа ешқандай өсімдіктер мен жануарлар кездеспейді. Сортаңды шөл омыртқалылардың түрлік құрамы мен орналасу тығыздығына қарай құмды шөлдерден кейінгі орында тұр.

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛЫҚ ТҮРЛЕР

Флора: төмпек сарсазан, етті сораң, Паульсен сораңы, тұмар (біраналықты) жусан

Фауна: дала ешкемері, өрнекті абжылан (қарашұбар жылан), оқ-жылан, сұр (бұлыңғыр) бозторғай, құлақты кірпі, қызылқұйрық құмтышқаны, құм қояны, қасқыр, қарсақ, бөкен.



БИОТОП 2.

БИОТОП 3.

Теңіз жағалауындағы әлсіз сортаңды топырақта сирек сарсазан мен бұзаубас сораң өсімдіктері өскен теңіз жайылма жазығы

Батысында Каспий бөгеті мен шығысында құмды алқаптар арасында теңіз жайылмасында сор жазық орналасқан, оған бірде сирек, бірде тұтас жусанды-соранды өсімдіктер жамылғысы тән. Мұнда біршама кеңістікті сор басып жатыр, сирек те болса өсімдіктер өспейтін тақырлы учаскелер кездеседі.

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛЫҚ ТҮРЛЕР

Флора: төмпек сарсазан, қызыл (Европа) бұзаубас сораңы

Фауна: өрнекті абжылан (қарашұбар жылан), оқ-жылан, теңіз шүрілдегі, сұр (бұлыңғыр) бозторғай, құлақты кірпі, қызылқұйрық құмтышқаны.



БИОТОП 3.

БИОТОП 4.

Сарсазан өсімдігімен жиектелген өсімдік өспейтін сор ойпаттар

Жағалау маңы ойпаңдар (Каспий теңізінің жағалау маңы учаскелері) - теңіз жағалауына іргелес жатқан, жақында ғана теңіз түбі болған батпақты жерлер. Қазіргі кездегі өсімдіктер жамылғысы тұрақсыз гидрологиялық жағдайда, судың тасуы мен қайтуы жағдайында, қалыптасқан. Ойпат жерлерде теңізден жел соққанда ми батпақтар пайда болады.

Сор территориясында түрлік құрамы өте кедей және өсімдіктер қауымдастығы топырақта тұз мөлшерінің жоғары болуына тұрақты түрлерден, ал жануарлар бұл жағдайға шыдамды түрлерден тұрады.

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛЫҚ ТҮРЛЕР

Флора: төмпек сарсазан

Фауна: теңіз шүрілдегі



БИОТОП 4.

БИОТОП 5.

Қамыс өскен тұрмыстық сарқынды судан пайда болған жасанды тоғандар

Шаруашылық-тұрмыстық мақсатта пайдаланылған суларды ағызу үшін булану алаңдары құрылған, олар ТШО, Шаңырақ, Теңіз жанындағы вахталық ауылдарда, өндіріс базаларының нысандарының маңында салынған ауданы біршама үлкен жасанды суқоймалары болып табылады. Құрылғаннан кейінгі уақытта осындай барлық суқоймаларында қалың қамыс өсті, бұларды қамысты-жайылма көлдер ретінде қарастыруға болады.

Жасанды суқоймалары сарқынды суларды жинақтаушы болып табылады, онда органикалық және химиялық заттардың қоспалары біршама тұнады. Ландшафтың ерекше элементі. Өсімдігі негізінен қамыстан және суға батып өсетін түрлерден тұрады. Ну қамыс, өз кезегінде тиісті фаунистикалық кешеннің тіршілік етуін қамтамасыз етеді.

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛЫҚ ТҮРЛЕР

Флора: қамыс.

Фауна: жасыл құрбақа, дала сұржыланы, ақбас үйрек, аққұйрықты су бүркіт, қарабас шағала, көл шағаласы, өгіз шағала, қызғыш, қасқыр, қарсақ, түлкі.



БИОТОП 5.

БИОТОП 6.

Техногенді бұзылған жерлер

Құрылыс жұмыстарын жүргізуде, ашық кеніштерді қазуда, жолдан тыс қозғалғанда және басқа да жұмыстарды жүзеге асырғанда жекелеген учаскелерде табиғи жер бедері және топырақ-өсімдік жамылғысы бұзылады. Мұндай учаскелерді мекендеу ортасының жеке типіне-техногенді бұзылған жерлерге жатқызуға болады. Өсімдік жамылғысы, әдетте, біржылдықтар мен алып келінген түрлердің алғашқы пионерлері болып табылады. Биологиясылық рекультивациядан өткен ашық кеніштерде сексеуіл, жыңғыл, изен сияқты отырғызылған ағаштар кездеседі. Фаунаның түрлік құрамы әдеттегідей кедей; деседе жазықтық жер бедерінің бұзылуы және оның күрделенуі інде тұратын жануарлар мен жарларды мекендеушілер үшін белгілі бір басымдылығы болады.

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛЫҚ ТҮРЛЕР

Флора: изен, жыңғыл, жусан, қамыс, қоңырбас

Фауна: дала ешкемері, үлкен тағанақ, жасыл аражегіш (жасыл боздақ), сарыалқым аражегіш (сары боздақ), жар қарлығашы, биші шақшақай, шөл шақшақайы.



БИОТОП 6.

БИОТОП 7.

Құрылыс алаңдары және оған іргелес территориялар

Бұл биотопқа жұмыс алаңдары, вахталық ауылдар (уақытша, тұрақты) территориялары және оларға іргелес жатқан территориялар (инженерлік және транспорттық желілер) жатады. Антропогенді биотоптарда фаунаның синантропты түрлері басым; өсімдіктер көрші биотоптарда тараған, мәдени отырғызылған және кездейсоқ әкелінген түрлерден тұрады.

МАҢЫЗДЫ ЖӘНЕ ИНДИКАТОРЛЫҚ ТҮРЛЕР

Флора: бидайық, жусан, алабота, мыңжапырақ

Фауна: жасыл құрбақа, дала ешкемері, өрнекті абжылан (қарашұбар жылан), жасылбас тағанақ, қыстау қарлығашы, ақ наурызек, үй торғайы, шөл құнақ, құлақты кірпі, үй қаптесері.



БИОТОП 7.

БӨЛІМ

2

ФЛОРА



ТШО серіктестігінің территориясында бұрында жүргізілген зерттеулер нәтижесі бойынша 40 тұқымдасқа жататын жоғары сатыдағы өсімдіктердің 203 түрі тіркелген.

Қазақстанның флористикалық аудандастыру схемасына сәйкес қарастырылып отырған территория Каспиймаңы флористикалық ауданға жатады, ол Каспиймаңы ойпатының солтүстік және солтүстік-шығыс аудандарындағы шөлді өңірді қамтиды. Бұл ауданның флорасының құрылу ерекшелігі оның салыстырмалы кедей болуы және Алабұталар тұқымдасының (Chenopodiaceae) өкілдері басым болады.

Шөлді өңірдің ерекшелігі галофитті (топырақтың жоғары тұзды болуы жағдайында) типті аласа бұталардың басым және біржылдық түрлердің, әсіресе эфемерлі даму циклі, мол болуы болып табылады.

Бұл анықтағышта территориядағы биотоптар мен қауымдастықтарда өсетін фондық және индикаторлық түрлер, сонымен қатар сирек әрі жойылып кету қаупінде тұрған, Қазақстанның Қызыл Кітабына, Халықаралық Қызыл Кітапқа (IUCN) тіркелген түрлер қамтылған.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР


-  өсіп-өну
-  гүлдену
-  жеміс беру

Төмпек сарсазан Сарсазан шишковатый *Halocnemum strobilaceum* (Pall.)

Amaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік), инсектицидтік

Сипаттамасы: Биіктігі 5-40 см болатын қалың бұтақтары айнала немесе дөңестеніп орналасқан және көпшілік жағдайда бұтақтары тамыр жайған аласа бұта. Жاپырақтары дамымаған. Сары түсті гүлдері қалтада орналасқан сияқты. Қазақстанда ылғалды және қобырсыған сортаңдарда, сорларда, суы ащы көлдер мен далалық, шөлейттік және шөлдік өзендердің жағалауларында таралған (фото - Владимир Колбинцев, Тулкин Тиллаев).



күзге қарай көрінісі



Ұқсас түрлер:

Қызыл сораң (*Salicornia europaea* L.) (фото - Андрей Ковальчук)

Сарзанның айырмашылығы бұтақтары жайылған, сабағының түсі біршама боз, бұтақтары қызыл сораңмен салыстырғанда біршама қысқа.



Каспий қарасораңы (*Halostachys belangeriana* (Moq.) Botsch) (фото - Юрий Пурогов).

Каспий қарасораңының размері біршама ірі - биіктігі 3,5 м-ге жетеді, сонымен қатар бұтақтары ұзын болып келеді.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 2,3,4

Балық көз

Климакоптера мясистерая

Climacoptera crassa (M. B.) Botsch.

Amaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік), бояғыш.

Сипаттамасы: Біржылдық, биіктігі 5-50 см. Бастапқыда ұзын шырмалған түктермен, кейіннен мүлдем түксіз өсімдік. Гүлдерінің диаметрі 12-18 мм. Үстірттің, Каспиймаңының және Арал өңірінің қабыршақты сортаңдарында, сорларында және сортаңдау жерлерінде өседі (фото - Максим Кучеров, Сергей Буланов).



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1,2,3



Торғай оты

Климакоптера супротивнолистная

Climacoptera brachiata (Pall.) Botsch.

Amaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: кормовое

Сипаттамасы: Біржылдық, биіктігі 10-30 см, жіңішке бұтақты сабағы түбінен бастап тік. Бұтақтары мен жапырақтары, гүлжапырақтан басқалары, қарама-қарсы, қысыңқы-түкті. Тұқымы тік. Сортаңдарда, сазды-майдағасты шлейфтерде, Қазақстанның барлық шөлді өңірлеріндегі құмдардың ортасындағы ойпаңдарда өседі. (фото – Галина Чуланова).

Ұқсас түрлер:

Паульсен сораңы (*Salsola paulsenii* Litv.) (фото - Юрий Данилевский).

Торғай отты Паульсен сораңынан ұзарған етті (қалың) жапырағымен, жіңішке бұтағымен ерекшелінеді, қызғылт қанатты жемістері жеке өсетін Паульсен сораңымен салыстырғанда топтанып орналасады.

Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 1



Қаңбақ

Солянка Паульсена

Salsola paulsenii Litv.

Amaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік).

Сипаттамасы: Біржылдық, биіктігі 15-60 см. Сабағы түбінен күшті бұтақтанған, қалың қысқа қылтандармен қапталған. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, жіңішке ұзын, түбіне қарай жалпақтанған. Тұқымы көлдененді. Қазақстанның барлық шөлді құмдарында өседі. (фото - Юрий Данилевский).



Ұқсас түрлер:

Натронды сора (*Salsola nitraria* Pall.) (фото – Владимир Эпиктетов).

Натронды соранда көлденен орналасқан біршама ұзын жапырақтарының ұшында ашық түсті инелері болмайды.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 2,3

Құм еркек

Пырей (Житняк) ломкий

Agropyron fragile (Roth) Nevski

Роосеае тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік).

Сипаттамасы: Биіктігі 50-100 см көпжылдық бұталы дақыл. Сабағы тік, түксіз немесе түкті, масағының асты кедірлі-бұдырлы. Жапырағы жіңішке ұзын, жалпақ немесе оралған, түксіз, асты тегіс, үсті кедірлі-бұдырлы немесе екі жағы да қалың түкті. Масағы қалың, ұзын, ұзындығы 5-15 см, ені 5-12 см; оның мұрты кедірлі-бұдырлы немесе түкті. Құмды далалар мен құмдарда өседі. (фото: Михаил Князев, Александр Фатерыга).



Гүлшанақтағы гүлбұғыры



Ұқсас түрлер:

Жатаған бидайық (*Elytrigia repens*) (фото – Анна Краснобаева).

Жатаған бидайықтың өте ұзын жертағандап өсетін тамырсабағы, сол сияқты құм еркекте болмайтын масақ қабыршақтарының түбінде орналасқан тұқымдарында көлденен сайшалары болады.



Жатаған бидайық

Пырей ползучий

Elytrigia repens (L.) Nevski

Роасеае тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: жемшөптік, арамшөп

Сипаттамасы: Көпжылық шөптесін өсімдік, биіктігі 40-150 см, жерасты тамырсабағы өрмелегіш, ұзын. Жапырақтары жалаңаш, жалпак, ұзарған, ұзындығы 15-40 см, ені өсімдіктің төменгі жағында 3-10 мм. Гүлдері майда, ашық түсті, гүлшоғырына жиналған сирек масақ. Жазық жерлерде, және тауларда, әртүрлі деңгейде ылғалданған сортаң топырақта өседі. Жайылма шалғындарда және тың жерлерде кейде басым болып келеді. (фото - Павел Евсенок, Анатолий Лисицын)



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1



Ұқсас түрлер:

Құм еркек — *Agropyron fragile (Roth) Nevski*

Жатаған бидайықтың өрмелегіш тамырсабағы өте ұзын, ерекше белгісі-масақты қабыршақтарының түбіндегі тұқымдарында көлденен сайшасы болады, құм еркекте ол жоқ. (фото – Александр Фатерыга)



Гүлшанақтағы
гүлшоғыры

Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 7

Тамыр жусан

Полынь белоземельная

Artemisia terrae-albae Krasch.

Asteraceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік), эфирлік.

Сипаттамасы: Аласа бұта, биіктігі 10-45 см. Жас өркендері ақ түсті, кейіннен сұр-жасыл, түктенуі торлы-киізсияқты тығыз. Тамыры қатты, тік және біршама жуан. 4-5 гүлі сирек қысқа шашақгүлге жиналған. Қазақстанның барлық шөлдерінде өседі.



Өсуші өркеннің ұшы

Ұқсас түрлер:

Сирекбас не майқара жусан (*Artemisia pauciflora* Web).
(фото – Максим Зайцев).

Сирекбас жусанға жапырақтарының толықтай кеуіп қалу және қоңыр түсті сабақтарының жалаңаштануы тән («қара жусан» аталуы осыған байланысты), ал тамыр жусанның ересегінің түсі сұр.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1

Тұмар жусан

Полынь однопестичная

Artemisia monogyna Waldst. et Kit.

Asteraceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік), эфирлік.

Сипаттамасы: Көпжылдық, биіктігі 30-50 см. Өсімдік шым түзбейді. Астыңғы сабақ жапырақтары ұзын шыбықты. Жапырақтарының соңғы бөлімдері жіңішке-ұзын немесе ұзын. Жемістік сабақтар өніп-өсудің басында тығыз киізсияқты түкті. Сортаңдар мен сортаңдау топырақтарда өседі. (фото - Илья Михеев).



Ұқсас түрлер:

Ақ жусан (*Artemisia lerchiana* Web.). (фото – Ярослав Голованов).

Ақ жусанының түсі атына сай ақшыл күмістүсті және жемістік өркені биік бұтақталған.



Ақ жусан
Полынь Лерха

Artemisia lercheana Web.

Asteraceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік), эфирлік.

Сипаттамасы: Биіктігі 16-45 см болатын аласа бұта. Алдымен өсімдіктің түсі қалың түктен ақсұр, кейіннен жартылай түксіз болып өзгереді. Бұта көпжылдық қатты, өте күшті қысқарған және қысқа біржылдық жапырақты өркендерден тұрады. Жеміс беретін өркендері өте көп, жоғарғы жағы бұтақталған. Тұқым бермейтін өркендерінің жапырақтары және шыбықшаларындағы астыңғы сабақтық өркендер екі-үш рет қауырсынтәрізді тілімденген; ортаңғы жапырақтар қондырылмалы, екі рет қауырсынтәрізді тілімденген, оның түбінде қауырсынтәрізді тілімденген бүрмелері болады; ең үстіңгі жапырақтар қарапайым, ұзын. Себеттері қондырмалы, масақтәрізді гүлшоғырына жинақталған. Күлтесі сары немесе қызғылт. Батыс және солтүстік-батыс Қазақстанның ақшыл-сары және құмдауыт топырақты жерлерінде, құмда, сирек тыңайған жерлерде өседі. (фото - Денис Мирин, Павел Евсеенков).



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 2

Ұқсас түрлер:

Тұмар жусан (*Artemisia monogyna* Waldst. et Kit.) (фото – Илья Михеев).

Ақ жусанның тұмар жусаннан ерекшелігі біршама ақшыл күмістүсті және тұқым беретін өркендері ұзын әрі бұтақталған.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 3

Мүйізді теріскен

Терескен роговидный

Krascheninnikovia ceratoides (L.) Gueldenst

Amaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік), отындық.

Сипаттамасы: Биіктігі 100 см-дей бұта. Жапырағы түбіне қарай сынатәрізді немесе ширатылған, ұзын-ланцеттен эллипс және жұмыртқа-ланцеттәрізді, үстіңгі жағы әлсіз түктенген, тіпті түксіз, асты-қалың түкті. Жемісі теріс жұмыртқасияқты, ұзындығы 3 мм-дей, ол қарапайым, жіңішке түктермен жабылған. Тасты және қиыршықтасты далалы жерлерде, шлейфтерде, арнасы кеуіп қалған өзен аңғарларында, сортаңды террасаларда, малта тасты жерлерде тараған. Түрлі топырақтарға бейімделуі өте кең. (фото - Игорь Евдокимов, Татьяна Сова)

Ұқсас түрлер: нет

Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1



Кәдімгі қамыс
Тростник обыкновенный
Phragmites australis Cav.

Роасеае тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: IUCN Red List тізіміне LC (Least Concern) мәртебесі бойынша тіркелген–аса қауіп жоқ. Мал азықтық (жемшөптік) және техникалық маңызы бар.

Сипаттамасы: Биіктігі 3 м-ге жететін көпжылдық дақыл, тамыр сабағы күшті, ұзын, жуан жерасты немесе жерүсті өркендері бар. Сабағы тік, түксіз, тегіс. Жапырақтары көк-жасыл, қатты, жалпақ, ені 5см-ге жетеді, шеттері кедірлі-бұдырлы. Гүлшоғыры – биіктігі 20-30 см-дей шашақгүл, қалың, қоңыр-күлгін түсті. Жерасты сулары жақын орналасқан өзендердің сағасында, көлдердің, өзектердің, арықтардың жағалауларында кең тараған. Судың біршама тұздылануын (тұзды және күшті тұзды) жеңіл көтереді, бетін ақ тұз қабыршағы басқан сортаңдарда кездеседі. Жиі таза шілік болып өседі. (фото - Тамара Риб, Марина Скотникова)

Ұқсас түрлер: нет

Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 5, 6, 7



София сармаласы
Дескурения Софии
Descurainia sophia (L.) Schur.

Brassicaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: арамшөп, улы.

Сипаттамасы: Біржылдық улы өсімдік, сабағының биіктігі 10-нан 80 см-ге дейін. Ұнамсыз сасық иісі болады. Сабағы тік, бұтақталған, қалың жапырақты, сұрғылт түкті. Өсімдіктің жапырақтары кезектесіп орналасқан, екі немесе үш реттік қауырсынтәрізді тілімденген, ұзындығы 1,5-нан 8 см-ге, ал ені – 0,8-ден 3 см-ге дейін. Түбінде «бұрме» деп аталатын өсінділер орналасады. Гүл күлтелері солғын–сары, собықтары дөңестеу, аздап имиген, түксіз. Барлық жерде өседі. (фото - Татьяна Винокурова, Геннадий Окатов)

Ұқсас түрлер: жок.

Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 1, 6, 7



Шығыс мортығы

Мортук восточный

Eremopyrum orientale(L.) Jaub. et Spach

Роасеае тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жемшөптік).

Сипаттамасы: Біржылдық өсімдік, биіктігі 4-30 см. Сабағы түксіз және тегіс, тек масағының асты түкті. Төменгі жапырақтардың түбі кедірлі-бұдырлы, түкті, үстіңгілері-түксіз, тегіс, шамалы дөңестеу. Жапырақтары ұзын, жалпақ, ені 3-4 мм, асты мен үсті кедірлі-бұдырлы, түкті. Масағы эллипстірізді немесе жұмыртқасияқты сопақ, ұзындығы 1,5-5,5 см, ені 0,9-2,5 см, жасыл немесе шамалы күлгін түсті. Масақтарының ұзындығы 9-17 мм, 3 — 5-гүлді. Қазақстанның барлық құрғақ далалары мен шөлді жерлерінде, таудың құрғақ бөктерлерінде өседі (фото - Юлай Табульдин, Федор Шакула)



Біріккен жеміс шоғыры - үлкейтілген

Ұқсас түрлер:

Бидай мортық (*Eremopyrum triticeum* (Gaertn.) Nevski) (фото – Леонид Непоменко)

Шығыс мортығы бидай мортықтан төменгі гүл қабыршақтарының қалың түкті болуымен ерекшелінеді.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1

Бадалалы қоңырбас
Мятлик луковичный
Poa bulbosa L.

Россаеа тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: мал азықтық (жем шөптік).

Сипаттамасы: Көпжылдық өсімдік, биіктігі 10-50 см, жұмсақ шым түзеді. Сабағы тегіс, жіңішке. Жапырақтары жіңішке, жіптәрізді, сұр-жасыл. Сабағы өркендерінің түбінде кеңейген, жуанданған, ол пиязсияқты қалындаған. Гүлшоғыры-қалың жинақы шашақгүл. Шашағы сопақша, ұзындығы 8 см-дей. Қазақстанның барлық жазықты және тау бөктерлеріндегі сазды, майдақұмды-сазды топырақты жерлерінде кездеседі. (фото - Тамара Риб, Наталья Бешко)

Ұқсас түрлер: жоқ

Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 6



Жауылша
Бурачок туркестанский (пустынный)
Alyssum turkestanicum Regel & Schmalh

Brassicaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: -

Сипаттамасы: Біржылдық. Сабағының ұзындығы 10-20 см, түбінен бұтақталған, жұлдызша сияқты түктеріне байланысты түсі сұр болып көрінеді. Жапырақтары ұзын-сопақша, түбіне қарай жіңішкерген. Гүлдері жемістерінің пісуіне қарай ұзаратын шашаққа жиналған. Гүлсидамдары жоғарыға қарай сорайған, ұзындығы 2-3,5 мм. Гүл күлтелері ұзын-сопақша, ойық, сирек доғал, бозғылт-сары, гүлдеп болған соң ақ түсті, ұзындығы 2,5-3 мм. Дала мен шөлді аймақтардағы сортаңдар мен құмдарда, Қазақстанның жазық және аласа тауларында тасты және қиыршық тасты жерлерінде өседі (фото - Павел Горбунов, Илья Михеев)



Ұқсас түрлер:

Арам шытырмақ (*Lepidium ruderale* L.) (фото – Сергей Готов)

Арам шытырмақтың жауылшадан ерекшелігі тармақталған қалың сабақтарының болуы. Жауылшаның тұқымының ұшында- ұзарған тұмсықшасы болады.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1

Яруткалық кірпікиөп

Щитница яруточная

Clypeola jonthlaspi L.

Brassicaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: ҚР Қызыл кітабына тіркелген.


Сипаттамасы: Қарапайым немесе бұтақты сабақты биіктігі 4-27 см өсімдік. Жапырақтарының шеті бүтін, күрексияқты. Шоқтары қалың. Гүл тостағаншасының ұзындығы 0,15 см, күлтесінің ұзындығы 0,2 см-дей. Собықтары (жемістері) домалақ, ұшына қарай ойықты. Серіктестіктің территориясында Үлкен Прорва маңында табылған. (фото: Тулкин Тиллаев, Роланд Цандекидис)

Ұқсас түрлер: жоқ

Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1



Жолан

Таушерия опушенноплодная

Tauscheria lasiocarpa Fisch.

Brassicaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: -

Сипаттамасы: біржылдық, биіктігі 15-30 см. Гүл күлтелері сары, собықтары (жемістері) ашылмайтын қайықтәрізді, дара тұқымды. Сортаңды және сазды далаларда, Қазақстанның барлық тасты тау бөктерлеріндегі бұта шіліктерінің арасында өседі. Серіктестіктің территориясында түр өте сирек кездеседі. (фото - Ольга Вахмистрова, Юрий Пирогов)



Ұқсас түрлер: нет

Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 1



Түсіңкі гольдбахия

Гольдбахия повислая

Goldbachia pendula Botsch.

Brassicaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: -

Сипаттамасы: Шөптесін біржылдық, биіктігі 10-35 см. Төменгі сабақ жапырақтары қондырылмалы, түбіне қарай жүрексияқты немесе жебетәрізді, жартылай сабақ қоршаушы, ең жоғарыдағы жапырақтары кейде ұзарған. Сабақтық жапырақтар ортаңғы бөлігінде біршама жалпақ, қысқа доғал бүрмелі; собықтары жеміс сабақшаларына доғал бұрышпен қиғаш орналасқан немесе жеміс сабақшаларымен бірігіп ұзарған. Жемісі түбіне қарай жалпаймаған, түсіңкі. Жемісінің типі – құрғақ собық немесе бұршақ. Батыс, оңтүстік-шығыс және оңтүстік Қазақстанның аласа және орташа тау жоталарының сазды және сазды-қиыршықтасты жерлерінде өседі. Серіктестіктің территориясында өте сирек кездеседі. (фото - Максим Заичев, Леонид Непоменко)

Ұқсас түрлер: жок.

Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 1



Крашенинников ебеқаңбағы

Качим Крашенинникова

Gypsophila krascheninnikovii Schischk.

Caryophyllaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: Батыс Қазақстан мен Арал өңірінің эндемигі.


Сипаттамасы: Көпжылдық, биіктігі 60-100 см. сабақтары дара немесе 2-3, тік, кейде тек түбінде ғана өрмелегіш, бекімеген. Гүлдері көп, үлбірлі ілмешекті, күлтелері бір түсті, Гүлдері қалың емес гүлшоғырында ұзындығы 5-8 мм болатын жіптәрізді ұзын гүл сабақтарында орналасқан. Батыс Қазақстан мен Арал өңірінің құмды және сортаңды далаларында, өзектердің жағалауларында және тасты беткейлерде өседі. (фото - Депозитарий живых систем МГУ им. Ломоносова, Владимир Эпиктетов).

Ұқсас түрлер: жок.

Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1



Елеусіз түйесіңір

Курчавка обманчивая (незаметная)

Atraphaxis decipiens Jaub. & Spach

Polygonaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: эндемик

Сипаттамасы: Биіктігі 5-25 см болатын, сабағы жуан және қисайған бұтақтары бар аласа бұта. Қабығы сұр, қоңыр-сұр, ұзынынан шытынаған. Бұтақтарын қалың жапырақ басқан. Жапырақтары түксіз, ланцеттәрізді немесе ұзарған, ұзындығы 5-9 мм, ені 0,5-1,5 мм, қысқа үшкірлі, түбіне қарай тарылған, жуандау және қатты, астыңғы жағына қарай жиырылған. Гүлсеріктік жапырақшалар қызғылт, шеттері – ақ. Гүлсеріктің ішкі жапырақшалары дөңгелек, ұзындығы 4-6 мм. Жемісі – ұзарған үшқырлы, тегіс, жылтыр, қара-сұр дақтары бар жаңғақша. Қазақстанның оңтүстігінен басқа жақтарда далалы жазықтарда, тасты және қиыршықтасты тау бөктерлерінде өседі. Серіктестік территориясында өте сирек кездеседі. (фото - Михаил Князев, Павел Голяков)



Ұқсас түрлер:

Қайырма түйесіңір *Atraphaxis replicata* Lam. (фото – Екатерина Онтикова).

Елеусіз түйесіңірдің размері біршама майда, биіктігі -5-25 см болса қайырма түйесіңірдің биіктігі 40-80 см.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 6

Дубянский қойжелкегі

Козлобородник Дубянского

Tragopogon dubianskyi Krasch. & S.A. Nikitin

Asteraceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: Эндемик, кормовое, пищевое

Сипаттамасы: Екі жылдық, биіктігі 40-150 см. жапырақтары ланцеттәрізді, түбіне қарай біршама жалпақ өсімдік. Тұқымдары тегіс, түксіз. Себеттері көп, қысқа, кейде имиген, шашақгүлге жинақталған. Гүлдері сары, сирек күлгін немесе қызыл күрең түсті. Қазақстанның құмды жазық далаларындағы аласа төбелі құмдарда, шөп сирек өскен құмдарда өседі. Серіктестік территориясында өте сирек кездеседі. (фото - Павел Горбунов)



Ұқсас түрлер:

Дон қойжелкегі (*Tragopogon tanaiticus* Artemczuk) (фото – Александр Бронсков)

Дубянский қойжелкегі біршама биік - 40- 150 см, ал Дон қойжелкегінің биіктігі 15-75 см. Дубянский қойжелкегінің тұқымы тегіс, жуандау, көпшілігінде тұмсықшасы болмайды, ал Дон қойжелкегінде-жіңішке, тұмсығы бар.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 6, 7

Түйетабан


Парнолистник перистый (ширококрылый)

Zygophyllum pinnatum Cham.

Zygophyllaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: -

Сипаттамасы: Көпжылдық, биіктігі 5-20 см. Кедірлі-бұдырлы өсімдік, жапырақтары 2-3 жұпты, жіңішке: ені 2-5 мм. Жемістері - жалпаққанатты қауашақтар. Гүлдері – ұзындығы 7-9 мм, ақ. Сортаңдарда, сазды топырақты жерлерде және Қазақстанның тау жоталарының тасты беткейлерінде өседі. Серіктестік территориясында өте сирек кездеседі (фото - Михаил Князев).



Ұқсас түрлер:

Кәдімгі түйетабан *Zygophyllum fabago* L (фото – Лина Вальдшмидт)

Жапырақтары бойынша ажыратылады: Кеңанатты түйетабанның жапырақтары 2-4 жұп, сопақша, ал кәдімгі түйетабанда бір жұпты.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 6

Ұсақгүлді мыңжапырақ

Тысячелистник мелкоцветковый

Achillea micrantha Willd.

Asteraceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: эфирноос

Сипаттамасы: Көпжылдық, биіктігі 20-50 см. Ақшыл, киізтәрізді тығыз түкті. Ортаңғы сабақтық жапырақтары шыбықты. Жапырақтары ұзарған ланцет немесе сопақша, ұзындығы 2-10 см, қауырсын-тілімді. Тұқымдары жоғарғы жағында кесілген сияқты. Солтүстік және батыс Қазақстанның құмдарында және құмды топырақтарында, далалы және шөлді өңірлердің сортаңды шалғындарында өседі. Серіктестіктің территориясында өте сирек кездеседі. (фото - Михаил Князев, Татьяна Никулина)

Ұқсас түрлер: жоқ

Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 6, 7



Гүлшоғыры, үлкейтілген

Қара сексеуіл

Саксаул черный (безлистный)

Haloxylon aphyllum (Minkw.) Pjip

Аmaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: отындық, жемшөптік, техникалық

Сипаттамасы: Биіктігі 8 м-ге жететін ағаш, Ағаштың сұлбесі біршама қара жасыл түсті. Бұл түс көктемде және жазда сақталады. Күзге қарай сұлбесінің түсі қоңыр-қызыл түсті. Майда реңсіз гүлдері болады. Олар онша көп білінбейді. Бірақ жұқа қанатшалармен жабдықталған жемістері өте жақсы байқалады. Алыстан олар гүлге ұқсас. Жапырақтары үшкір қырлы емес, мүлдем дамымаған немесе төмпек болып келеді. Қазақстанның шөлді өңірлеріндегі сортаңдарда, тақырларда, құмдардың арасында өседі. Серіктестік территориясында сирек кездеседі, тек екі жерде -Серіктестіктің солтүстік-батыс шетінде және Промысл ауданында (Бүркітжолы жолының бойында) кездеседі (фото - Илья Смянский, Алим Газиев).



Ұқсас түрлер:

Ақ сексеуіл (*Haloxylon persicum* Bge) (фото – Базар Довлетов)

Ақ сексеуілдің қара сексеуілден айырмашылығы размері кіші, қабығы ақшыл-сұр болса, қара сексеуілде ол күнгірттеу.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 6

Қосгүлді қызғалдақ
Тюльпан двуцветковый
Tulipa biflora Pall.

Liliaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: ҚР Қызыл кітабына тіркелген

Сипаттамасы: Көпжылдық, биіктігі 10-20 см. Жұашығы жұмыртқатәрізді, ені 1-1,5 см, қабығы қоңыр-сұр, ішкі жағы торланған түкті. Сабағы түксіз, қоңыр-жасыл. Жапырақтары қосарланған, орақтәрізді имиген, түксіз, тегіс, ұзарған, аздап көкшілдеу, қызыл күрең түсті жиекті, төмендегілері аздап гүлінен үлкендеу. Гүлшанағы тік, гүлдері - екі-үш (кейде алтыға дейін), түсі ақ, түбі сары, ұзындығы 13-25 мм, сыртқы күлтелері ланцеттәрізді, іш жағы анық емес күлгін, ішкілері- сопақша немесе сопақша-жұмыртқасияқты, үшкірленген, ортаңғы талшығы қанық жасыл, ішкілерінен 1,5 есе жіңішке. Солтүстік және батыс Қазақстанның далалы жерлерінде, орларда, сортаңдарда өседі. (фото - Евгений Комаров, Павел Горбунов)

Ұқсас түрлер: жоқ

Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 1



Қайырма түйесіңір
Курчавка отогнутая
Atraphaxis replicata Lam.

Polygonaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: -

Сипаттамасы: 50-80 см болатын тармақталған – бұтақты аласа бұта. Бұтақтары жіңішке, тік, қабығы сарғыш-сұр немесе қызыл-сұр, шытынаған ақшыл түсті қабықпен жабылған, ұзарған, жоғары бағытталған, әдетте тікенсіз. Жапырақтары қысқа шыбықшалы, ұзындығы 4-8 мм, жүрексияқты дөңгеленген, сопақ, эллиптәрізді. Гүлшоғыры-бүйір шок. Бірнеше шок, әдетте 2-6, жапырақ қолтығына шоктанып жиналған, Гүлдері ашық қызғылт, жиектері ақ. Жемісі-жұмыртқатәрізді, ұшы жіңішкерген, біршама жалпақ, ақшыл сұр қауашақ. Қазақстанның жазық және таулы жерлердегі қиыршықтасты және сазды беткейлерінде өседі. (фото - Владимир Колбинцев, Игорь Евдокимов)



Жемісі бар өркендер, үлкейтілген



Ұқсас түрлер:

Елеусіз түйесіңір – *Atraphaxis decipiens* Jaub. & Spach.
(фото – Павел Голяков).

Елеусіз түйесіңірдің размері біршама майда, биіктігі–5-25 см, ал қайырма түйесіңірдің биіктігі - 40-80 см.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 1, 6

Шобер ақтікені
Селитрянкa Шобера
Nitraria schoberi L.

Nitrariaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: IUCN Red List тізіміне LC (Least Concern) мәртебесі бойынша тіркелген – қауіп жоқ. Азықтық және сәндік маңызға ие.

Сипаттамасы: Биіктігі 1,5 (сирек 2) м-ге және көлденеңі 6 м-ге жететін бұта. Өркендері мықты, тікенді, бұтақты, ақшыл қабықпен қапталған. Жапырақтары кезектесіп орналасқан, сопақтау-күректәрізді. Гүлдері гүлшоғырына жиналған. Гүлсерік 5 қалың тостағаншадан, 5 ақшыл-сары күлтеден, 10-15 аталық және жалғыз аналықтан тұрады. Жемісі-шар-жұмыртқатәрізді біртұқымды сүйек. Алдымен жемісі қызыл, пісіп жетілу барысында қара түсті болады. Қазақстанның барлық аймақтарында сазды сортаңды топырақты аңғарларда және тау етектерінде өседі. (фото - Павел Горбунов, Леонид Непоменко)



Ұқсас түрлер:

Сібір ақтікені (*Nitraria sibirica* Pall.) (фото – Сергей Казановский)

Шобер ақтікенінің жапырақтары ірілеу, тұқымы қызыл сәлді жұмыртқатәрізді сүйекше, ал сібір ақтікенінде-қара-көк түсті сәл бөлетін шартәрізді сүйекше.



Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 1

Жатаған изен

Кохия простертая

Kochia prostrata (L.) Schrad.

Amaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: жемшөптік

Сипаттамасы: Биіктігі 65 см-ге жететін аласа бұта, Сабағы көп, қызғылт түсті, бұтақты. Жапырақтары жалпақ, жіптәрізді ұзын, үшкір, түкті. Тұқымдары дөңгеленген-сопақ немесе дөңгелек, екі жағынан қысыңқы, қоңыр түсті, түксіз, тегіс. Жоталар мен таулардың тасты және қиыршықтасты беткейлері мен шлейфтерінде, сортаңдар мен сорларда, сортаңды далалар мен құмдарда кең тараған. (фото - Александр Фатерыга, Тулкин Тиллаев)

Ұқсас түрлер: жоқ

Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 1



Бұзаубас сораң
Солерос европейский
Salicornia europaea L.

Amaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: жемшөптік, инсектицидтік

Сипаттамасы: Біржылдық, биіктігі 5-30 см, шырында бұтақталған сабағы бар, жапырақтары жоқтың қасы, олардың формасы қабыршақтарды еске түсіреді. Жас өсімдіктер көкшіл-жасыл түске боялған, салқын түсісімен қып-қызыл түске ие болады. Бамбук сияқты сабағы көптеген буындардан тұрады, түбіне қарай көзге әрең көрінетін жапырақтар қарама-қарсы орналасады. Сабақтың бұтақшалары көп жағдайда ирелендеп өседі, әсіресе ол түбінде жиі болады. Сабақтың үстіңгі сегменттері біршама қысқа және ойыстары (қолтықтары) болады, олардан жылдың жылы мезгілдерінде гүл өсіп шығады, Гүлшоғыры масактәрізді, ұзындығы 10 см-ге жуық. Қазақстанның барлық жазық өңірлерінде ылғалды сортаңдарда, сорларда, тұзды көлдер мен өзендердің жағалауларында өседі. (фото - Владимир Семашко, Иван Герасимов)



Ұқсас түрлер:

Төмпек сарсазан (*Halocnemum strobilaceum (Pall.)*).
(фото – Тулкин Тиллаев)

Сарсазан жатаған, сабақтарының түсі біршама боз, бұзаубас сораңмен салыстырғанда қысқа.



Гүлдену және жеміс беру:



Биотоп: 3

Борық жыңғыл
Гребеник рыхлый
Tamarix laxa Willd.

Tamaricaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: декоративтік

Сипаттамасы: Биіктігі 1-2 (3) бұта. Ескі ағаштардың бұтақтарының қабығы сұр. Жас бұтақтары қысқа, қызғылт-қоңыр, сұр-қызғылт немесе сұр, сынғыш. Гүлдері ашық қызыл, шашаққа жиналған, ұзындығы 1-4 см, шашақтары сирек. жемісі ұзындығы 3-5 см ені 1 мм-дей болатын майда қаушақ сортаң, сор құмды жерлерде, тақырлардың шетінде, жайылмаларда және өзен террасаларында, көлдердің жағалауларында өседі. (фото - Владимир Эпикетов, Андрей Любченко)



Ұқсас түрлер:

Қызыл жыңғыл – *Tamarix ramosissima Ledeb.* (фото – Григорий Прокопов, Василий Гелюта)

Қызыл жыңғылдың борық жыңғылдан айырмашылығы біршама тығыз шашақты, онда гүлдері жиі орналасады. Борық жыңғылдың гүл сағағы (гүлі бар сабақша) біршама ұзын.



Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 6

Ақ алабота

Марь белая

Chenopodium album L.

Аmaranthaceae тұқымдасы

Мәртебесі немесе маңызы: арамшөп

Сипаттамасы: Біржылдық шөптесін өсімдік, биіктігі 15-100 см, сабақтары қарапайым немесе бұтақталған. Жапырақтарының формасы әртүрлі: жиі ромбтәрізді (ромбыға ұқсас), сол сияқты ұзын-ланцеттәрізді. Жапырақтары ақшыл үнсияқты тозаңмен қапталған, өсе келе тозаңдар жойылады. (фото - Тамара Риб, Геннадий Окатов)



Ұқсас түрлер:

Алабұталы көкпек - *Atriplex tatarica L.* (фото – Максим Зайцев)

Ақ алаботаның жапырақтары біршама ірі, әдетте ақшыл тозаңдыдан ашық-жасыл түсті.



Гүлдену және жеміс беру:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Биотоп: 6

БӨЛІМ

3

ФАУНА


3.1. ҚОСМЕКЕНДІЛЕР МЕН ЖОРҒАЛАУШЫЛАР


ТШО территориясында қосмекенділердің 1 түрі және жорғалаушылардың 12 түрі тіркелген. Олардың басым бөлігі өңірде кең тараған.

Амфибиялар мен рептилиялардың кездесуі көп жағдайда ауа-райы мен қоршаған ортаның температурасына байланысты, өйткені бұлар жануарлардың белсенділігіне әсер етеді және тіршілігінің жасырын өтуі осыларға тәуелді болады.

Рептилиялар мен амфибиялар мазалау факторы болмаған жағдайда өндірістік объектілеріне іргелес учаскелерде емін-еркін тіршілік етуге қабілетті.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР


Қысқы ұйқы


Белсенді кезең

Жасыл құрбақа *Bufo viridis*

Сыртқы белгілері: Мөлшері 7-9 см-ге жуық. Терісі бұжырлы. Түсі: ақшыл-сұр-қаракөк фонда жіңішке қара жиекті үлкен қара-көк дақтар болады.

Мәртебесі: Кең тараған түрлердің бірі.

Биологиясы: Алуантүрлі биотоптарда: орманды дала, дала, шөлейт және шөлді жерлерде тараған. Неғұрлым құрғақ жерлерде мекендейді. Көбеюден тыс кезеңде құрлықта және жиі құрлыстардың қуыстарында кездеседі. Көбеюі сулы ортада өтеді, Түнде және алакеуімде белсенді.

Биотоптар: 5, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Дала ешкемері

Trapelus sanguinolentus

Сыртқы белгілері: Дене ұзындығы 10-15 см-дей, құйрығы дене ұзындығынан 1,5 есе ұзын. Жалпы реңі сұр-қоңыр. Температура көтерілгенде, сол сияқты мазаланып қозған жағдайда ересек ешкемерлердің түсі өзгереді және ол өте қанық болады. Аталықтарының алқымы, құрсағы, бүйірі және аяқтары қара-көк түске боялады, арқасында көк дақтар пайда болады, ал құйрығы ашық - сары немесе қызғылт-сары түсті. Аналықтары көгілдір-сары немесе жасыл-сары түсті, арқасында қызғылт немесе күнгірт-қызғылт түсті қара дақтар пайда болады. Жас особьтар ақшыл-сұр түсті.

Мәртебесі: Еліміздің оңтүстік бөлігінде кең тараған.

Биологиясы: Құмды, сазды және тасты шөлдер мен шөлейттерде бұталар мен аласа ағаштар өскен орындарды ұнатады, жиі су маңына жақын, елді мекендердің маңында және жол шетінде мекендейді. Баспана ретінде кеміргіштердің індерін, топырақтағы қуыстар мен жарықшақтарды, құрылыстардың қуыстарын пайдаланады. Ересек особьтар белгілі территорияларда және кішірек учаскелерде тұрақты мекендейді, бұлардан тысқары жерлерге өте сирек шығады.

Биотоптар: 1, 2, 5, 6, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Оқжылан

Psammophis lineolatus

Сыртқы белгілері: Дене ұзындығы 90 см-ге жетеді. Денесінің үстіңгі жағы көкшіл-сұр, сарғыш немесе бурыл-сұр. Тұлға бойымен шеттері қара 4 қоңырлау ұзын жолақ созылып жатады, кейде болмайды немесе жіңішке, кейде үзікті жолақтар болады. Тұмсығының ұшы дөңгеленген, басы сүйір, қарашығы үлкен әрі дөңгелек.

Мәртебесі: Еліміздің оңтүстік бөлігінде тараған.

Биологиясы: Ашық аридті территорияларды мекендеуші; жиі шөлде кездеседі, онда бекіген және жартылай бекіген құмдарда, сирек сазды жусанды және жусанды-сортанды шөлейттерде кездеседі. Күндіз белсенді, түнде кеміргіштер індеріне және бұталар түбіне жасырынады. Біршама шапшаң қозғалатын жылан. Уы адамға қауіпті емес.

Биотоптар: 1, 2, 6

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Өрнекті қарашұбар жылан
Elaphe dione


Сыртқы белгілері: Ұзындығы 1 м-ге жетеді. Арқасының жалпы түсі қоңыр-сұр, кейде реңі қоңыр, төрт қоңыртүсті ұзын жолақ және қара дақтары болады. Жастарының түсі қоңыр-көк немесе қызғылт-сұр-көк, тұлғасының алдыңғы бөлімінде жіңішке қара-қоңыр көлденен жолақтары болады. Басы жалпақ, қарашығы дөңгеленген.

Мәртебесі: Кең тараған түр.

Биологиясы: Экологиялық жағынан өте төзімді. Өртүрлі ландшафтық аймақтарда: ормандарда, далада, сортаңдарда, тасты және сазды шөлейттерде мекендейді. Жиі адамдар қоныстарына жақын орналасады. Күндіз белсенді. Баспана ретінде кеміргіштердің індерін, тас астындағы қуыстарды, құрылыстағы қуыстарды пайдаланады, Шаққаны адам үшін қауіпті емес.

Биотоптар: 1, 2, 5, 6, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Шығыс дала сұржыланы
Vipera renardi

Сыртқы белгілері: Дене ұзындығы 55 см-ге жетеді. Денесінің үсті сұр-қоңыр немесе ашық-сары түсті, жотасында иректенген қара жолағы бар, кейде жолақ жеке дақтарға бөлінген. Басы салыстырмалы түрде ұзарған, тұмсығы аздап үшкір, қарашығы тік.

Мәртебесі: Сирек түр, ХТҚО Қызыл тізімінде «әлсіз» түр (VU) мәртебесімен тіркелген.

Биологиясы: Жазық және таулық жусанды далаларда, сазды жыраларда, сортаңды шөлейттер мен бекіген құмдарда мекендейді. Күндіз белсенді. Баспана ретінде кеміргіштердің індерін, тастардың астын, құрылыстардың қуыстарын пайдаланады. Улы, шаққаны адам үшін қауіпті.

Биотоптар: 2, 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----







3.2. ҚҰСТАР

Жобалау территориясында құстардың түрлік құрамы өте жоғары (200-ден аса). Түрлік және сандық құрамы жыл маусымдарына тәуелді өзгеріп тұрады. Құстарды маусымдық миграция кезеңдерінде (наурыз-мамыр, тамыз-қазан айларында) көптеп кездестіруге болады. Ұялау кезеңі өңірде наурыздан шілденің ортасына дейін созылады.

Түрлік, сол сияқты сандық, құрамы бойынша көп жиналатын жерлері жасанды булану бөгендері, әсіресе канализация-тазалау құрылғыларының (КТК) территориясы болып табылады. Булану бөгендерін тек су және жағалау құстарының түрлері ғана емес, сонымен қатар басқа құстар ауызсу көзі ретінде пайдаланады. Сол сияқты көптеген құстар (шағалалар, жыртқыш құстар) тұрмыстық қалдықтар полигонына да келеді, ол жерде олар қоректенеді.

Антропогенді ландшафтарда өңірге тән синантропты түрлер кездеседі. Бұл түрлер адамдардың жанында, олар салған құрылыстар мен объектілерді пайдаланып тіршілік етуге және ұялауға бейімделген. Жобаланған территорияның жұмыс учаскелерінде құстар металдан жасалған қаңқалар мен модульдерде, ЭТЖ-ң тіректерінде, жабық қоймалар мен ғимараттардың ішінде, әртүрлі объектілер мен жиналған материалдардың қуыстарында, жерде, траншеялар мен ашық кеніштердің еңістерінде ұялайды.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР

-  Миграция кезеңі
-  Ұялау кезеңі
-  Қыстау кезеңі
-  Түр кездеспейді

Ақбас үйрек

Oxyura leucocephala

Сыртқы белгілері: Аталықтары аналықтарынан жақсы ажыратылады. Аталықтарының басы ақ, төбесі қара және тұмсығы анық-көк (көктем мен жазда), мойны қара, ал денесі қоңыр. Аналықтың басы, аталығынан өзгеше, қара-қоңыр, көзінің асты мен мойнында жалпақ ақ жолағы болады. Құйрығын жиі тік ұстайды.

Мәртебесі: Сирек ұялайтын жыл құсы. ҚР Қызыл Кітабына (I санат) және ХТҚО Қызыл Тізіміне қауіп төнуші түр (EN) ретінде тіркелген.

Биологиясы: Тұщы немесе аздап ащылау қамыс өскен терең көлдер мен жазықтағы ашық суқоймаларында мекендейді. Ұяларын қамыс шілігінің арасына салады. КТ-Ж-ң булану бөгендерінде ұялауы мүмкін, өйткені ол жерлерде тұрақты түрде көктемнен күзге дейін кездеседі.

Биотоптар: 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Дала қыраны
Aquila nipalensis

Сыртқы белгілері: Ірі жыртқыш құс. Ересек құстардың барлық қауырсыны қара-қоңыр. Екі жасқа дейін жастарының қанаттарында ашық жолақтары болады, олар қанаттарын жиналған кезде де, қалықтап ұшқанда да жақсы көрінеді.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы. ҚР Қызыл Кітабына (V санат) және ХТҚО Қызыл Тізіміне қауіп төнуші түр (EN) ретінде тіркелген.

Биологиясы: Кеміргіштер мекендейтін қуаң далаларда, шөлейттерде және шөлді аймақтардың солтүстігіндегі жартастарда, аласа таулар және биік жоталардың бөктерлерінде мекендейді. Өңірде маусымдық миграция кезеңдерінде жиі кездеседі.

Биотоптар: 5, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Аққұйрықты субүркіт
Haliaeetus albicilla

Сыртқы белгілері: Ірі жыртқыш құс. Ересек құстардың түсі ақшыл-сұр, құйрығы шымқай ақ, тұмсығы үлкен, сары. Жастары қара-сұр, денесі мен қанаттарында ақшыл теңбілдері болады, тұмсығы қара. Ұзын әрі жалпақ қанаттар тән.

Мәртебесі: Сирек ұялайтын жыл құсы. ҚР Қызыл Кітабына (II санат) тіркелген.

Биологиясы: Жайылма ормандарында, далалы аймақтың шоқ ормандарында, балыққа бай қамыс өскен көлдерде мекендейді. Маусымдық миграция кезеңдерінде, әсіресе күзгі қоныс аударуда, қорек мол (үйректер мен басқа құстары бар көлдер) жерлерде кездеседі.

Биотоптар: 5, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Ителгі
Falco cherrug

Сыртқы белгілері: Ірі сұңқар (қарғадан үлкен). Негізгі реңі сұр-жирен, құрсағына қарай біршама ашық, ұзына бойы орналасқан қара теңбілдері болады.

Мәртебесі: Сирек ұялайтын жыл құсы. ҚР Қызыл Кітабына (I санат) және ХТҚО Қызыл Тізіміне қауіп төнуші түр (EN) ретінде тіркелген.

Биологиясы: Жекелеген ағаштар мен тоғайлар, электр тарту жүйелері, геодезиялық мұнаралар бар дала мен шөлде, сол сияқты таулы жерлердегі шыңдарда, өзендердің тік жарларында, жартастар мен аңғарларда мекендейді. Өңірде маусымдық миграция кезеңдерінде кездескен.

Биотоптар: 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Кәдімгі күйкентай
Falco tinnunculus

Сыртқы белгілері: Майда сұңқар (үлкендігі кептердей). Реңінде ашық-жирен түс басым. Аталықтарының басы сұр, денесінің үсті жирен, құрсағы ашық-қызыл қошқыл, ұзынынан орналасқан қара теңбілдері бар. Аналықтарының денесінің үсті мен басы қошқыл-жирен, құрсағында да ұзына бойы орналасқан теңбілдері бар. Жастарының реңі аналықтарындағыдай. Ұшқан кезде жалпақ дөңгеленген қанаттары мен ұзын құйрығы жақсы көрінеді.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Орманды далаларда, тоғайлары бар дала мен шөлдерде, жайылма тоғайларында, жасанды орман алқаптарында, сазды және тасты жарларда мекендейді. Жұптарымен немесе 5-10 жұбы бар кішірек топ құрып ұялайды. Қарға, сауысқан, ақтұмсық қарғалардың ескі ұяларын пайдаланады.

Биотоптар: 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Жұртшы

Neophron percnopterus

Сыртқы белгілері: Орташа денелі жыртқыш құс. Барлық қауырсыны ақ, қақпа қанаттары қара. Құйрығы үлкен сынатәрізді және «беті» қауырсынсыз, терісі сары.

Мәртебесі: Сирек ұялайтын жыл құсы. ҚР Қызыл Кітабына (III санат) және ХТҚО Қызыл Тізіміне қауіп төнуші түр (EN) ретінде тіркелген.

Биологиясы: Шөлді төбелерде, шыңдарда және шөл өзендерінің тік жағалауларында мекендейді.

Биотоптар: 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Теңіз шүрілдегі

Charadrius alexandrinus



Сыртқы белгілері: Торғайдан сәл үлкендеу кішірек шалшықшы. Денесінің үсті құм түстес, құрсағы ақ. Күй-ойнақ кезінде аталығы аналығынан жирен төбесі және қара маңдайы арқылы ерекшелінеді. Аналығы көмескі түсті.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Әдетте тұзды көлдердің құмды және батпақты жағалауларында, кейде тұщы сулардың маңындағы сортаңдарда мекендейді. Ұясын құмға немесе сортаңға салады. Жобаланған территорияда булану бөгендерінде және жұмыс учаскелерінде ұялайды.

Биотоптар: 3, 4, 5, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Қызғыш
Vanellus vanellus

Сыртқы белгілері: Орташа денелі шалшықшы (кептердей). Денесінің үсті жылтыр-жасыл, қызыл күрең, көк және күлгін түсті, алыстан қара болып көрінеді, құрсағы шымқай ақ. Желкесінде ұзын жіңішке тұлымы болады, аяқтары қызыл-қоңыр. Ұшқанда басқа шалшықшылардан айырмашылығы жалпақ дөңгеленген ақ-қара қанатымен ерекшелінеді.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы. ХТҚО Қызыл Тізіміне қауіп төнуге жақын түр (NT) ретінде тіркелген.

Биологиясы: Өзен аңғарларындағы ылғал шалғындықтарда, көл маңында, жазықтықтағы батпақтарда, сирек те болса, суқоймаларының маңындағы тыңайған және сортаңдарда мекендейді. Өңірде маусымдық миграция кезеңдерінде булану бөгендерінде кездеседі.

Биотоптар: 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Тарғақ
Vanellus gregarius

Сыртқы белгілері: Орташа денелі шалшықшы (кептердей). Жалпы реңі қоңыр-сұр. Аталықтары көктемде аналықтарынан біршама қауырсындануының алунтүрлілігімен ерекшелінеді, олардан айырмашылығы телпегі қара, көзі арқылы қара жолақ өтеді және құрсағы қара. Қыста біршама көмескі және аталықтары мен аналықтарын ажырату қиын. Ұшқанда қызғыштан біршама ақ-қара жіңішке қанатымен ажыратылады.

Мәртебесі: Сирек ұялайтын жыл құсы. ҚР Қызыл Кітабына (I санат) және ХТҚО Қызыл Тізіміне аса қауіп төнуші түр (CR) ретінде тіркелген.

Биологиясы: Қуаң далалар мен сортаңдары бар өсімдіктері сирек өскен шөлейттерде, әдетте су көзіне жақын мекендейді. Жобаланған территория шегінде маусымдық миграция кезеңдерінде бақыланған.

Биотоптар: 2, 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Қарабас өгізшағала
Larus ichthyaetus

Сыртқы белгілері: Өте ірі шағала. Күй-ойнақ кезінде қауырсындары ақ, размері үлкен және басының қара түсті болуымен жақсы анықталады. Тұмсығы мен аяқтары сары. Денесінің үсті ашық-боз, құрсағы ақ.

Мәртебесі: Сирек ұялайтын жыл құсы. ҚР Қызыл Кітабына (II санат) тіркелген.

Биологиясы: Каспий теңізінің жағалауларында, үлкен тұзды және тұщы көлдер мен суқоймаларында, балығы мол кішірек аралдары бар суқоймаларында ұялайды. Ұшып келу-кетуде өзендер мен кішірек көлдердің жағалауларында да кездеседі. Миграция кезінде булану бөгендерінде бақыланады.

Биотоптар: 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Көл шағала
Larus ridibundus

Сыртқы белгілері: Размері қарғадай кішірек шағала. Күй-ойнақ кезіндегі қауырсындануында ерекшелік басы қара-қоңыр, алыстан қарағанда қара болып көрінеді. Тұмсығы мен аяқтары қоңыр-қызыл. Денесінің үсті ақшыл-сұр, құрсағы ақ.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Тұщы және тұзды көлдердің, бөгендер мен су үсті өсімдіктері мол өзендердің жағалауларында мекендейді. Сол сияқты көл мен өзендердің аралдарында да қоныстанады. Булану бөгендері мен тұрмыстық қалдықтар полигондарында көктемнен қоңыр күзге дейін кездеседі.

Биотоптар: 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Өгіз шағала
Larus cachinnans

Сыртқы белгілері: Ірі шағала. Ересек құстардың денесінің үсті ақшыл-боз, құрсағы ақ, қанаттарының ұшы қара, тұмсығы мен аяқтары сары. Жастарының түсі сұр-күба.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Тұщы және тұзды көлдерде, өзендердің сағаларында, Каспий теңізінің жағалауларында мекендейді. Булану бөгендері мен тұрмыстық қалдықтар полигондарында көктемнен қоңыр күзге дейін кездеседі.

Биотоптар: 5



Ақ шақшақай (наурызек)
Motacilla alba



Сыртқы белгілері: Размері торғайдай, тұрақты түрде ұзын құйрығы жоғары-төмен қозғалыста болатын сымбатты, ширақ құс. Қауырсында-нуында ақ, қара және сұр түс басым.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Ашық алаңдарда, жиі суға жақын, сол сияқты орман аралдарынан алыс емес су басатын шалғындарда және ашық жерлердегі елді мекендердің маңында мекендейді. Жарларда, жерде төмпешік астында немесе ағаштардың тамырларының астында, жерден 1-4 м биіктіктегі әртүрлі ағаш қуыстарында, көпір астында және түрлі құрлыстардың қуыстарында ұялайды.

Биотоптар: 7



Жасыл аражегіш
Merops persicus

Сыртқы белгілері: Размері қараторғайдай. Аталықтары мен аналықтары бір түсті. Жалпы реңі ашық-жасыл. Көзі арқылы қара жолақ өтеді, ұрты көкшіл, тұмсығының асты сары, алқымында қоңыр дағы бар.

Мәртебесі: Қазақстанның оңтүстік бөлігінде ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Жазық және адырлы құмды шөлдерде, жиі суқоймаларына (көлдер, өзен аңғарлары, жер суландыру каналдары) жақын жерлерде мекендейді. Сазды немесе тығыз құмдардағы жарларда өздері қазған індерде шоғырланып ұялайды.

Биотоптар: 1, 5, 6



Сарыалқым аражегіш
Merops apiaster

Сыртқы белгілері: Размері қараторғайдай. Аталықтары мен аналықтары реңі жағынан ұқсас. Қауырсындануында ашық және теңбіл, қызғылт, қызыл-сары, сары, жасыл және көгілдір түстер араласқан.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Ашық жазықтарда немесе құмды немесе сазды жарлары бар төбелі ландшафтарда; өзендердің аңғарларында және көлдердің жағалауларында, әсіресе ауыл мен қала маңында, мекендейді. Жарларда өздері қазған індерде шоғыр құрып ұялайды.

Биотоптар: 5, 6



Жасылбас тағанақ
Lanius collurio



Сыртқы белгілері: Торғайдан ірілеу. Аталықтарының арқасы қызғыл-қоңыр, басының үсті сұр және кара ренді, құрсағы ақ. Аналығының үсті сұрғыш-қоңыр, құрсағы ақ-құба, қабыршақсияқты теңбілдері бар.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Суқоймаларынан алыс емес жазықтағы табиғи және жасанды (орман жолақтары, баулар және т.т.) бұталары мен ағаштары бар учаскелерде мекендейді. Миграция кезінде ну қамыстарда кездеседі. Жерден 2 м биіктікте бұталар мен аласа ағаштарда ұялайды, ал қуаң далалар мен шөлейттерде ұяларын жерге немесе жусандардың бұталарына да сала береді.

Биотоптар: 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----

Қылаң тағанақ
Lanius pallidirostris

Сыртқы белгілері: Мөлшері қараторғайдай. Денесінің үсті сұр, құрсағы ақ, көзі арқылы кара «жолақ» өтеді. Қанаттары ұшқанда кара-ақ түсті.

Мәртебесі: Отырықшы құс, ұялау ареалының шегінде немесе одан оңтүстікке қарай көшіп-қонып жүреді. Еліміздің оңтүстік бөлігінде мекендейді.

Биологиясы: Шөлді аймақта сексеуіл және тораңғы ормандарында, бұталар шіліктерінде, тіпті ешқандай ағаш та, бұталы өсімдіктер де жоқ жерлерде де мекендейді. Бұл жерлерде қылаң тағанақ геодезиялық көрсеткіштер, телеграф бағаналары, ЭТЖ тіреулері және т.б. сияқты жасанды объектілерде ұяларын салады.

Биотоптар: 1, 6

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Қыстау қарлығашы
Hirundo rustica

Сыртқы белгілері: Ұзарған денелі, айырылған ұзын құйрықты, ұзын үшкір қанатты кішірек құс. Ересек құстардың үсті қара көкшіл металл-тәрізді жылтыр, маңдайы, иегінің асты және алқымы қызғылт-жирен. Құрсағы ақ. Ұшуы тез, шапшаң.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Әдетте суқоймаларынан алыс емес елді мекендерде ұялайды. Кесек саздан жасалған ұясын түрлі құрылыстардың шатырының астына, көрпір астына, қабырғаға және басқа да тік беткейлерге салады. Миграция кезінде тобымен кездеседі.

Биотоптар: 5, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Жар қарлығашы
Riparia riparia

Сыртқы белгілері: Размері торғайдан кішілеу. Денесінің үсті қоңыр-сұр, құрсағы-ақ. Құйрығы қысқа, Ұшуы тез, шапшаң.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Өзендердің, бөгеттердің, көлдердің, кеуіп қалған арналардың, құм алатын ашық кеніштердің, траншеялардың жағалауларында, кейде су көзінен алыста орналасқан жерлерде де мекендейді. Індерде бірнеше ондаған жұптары топтанып ұялайды. Миграция кезінде көптеп топтанып кездеседі.

Биотоптар: 5, 6, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Сұр бозторғай
Calandrella rufescens

Сыртқы белгілері: Раз­ме­рі торғайдай. Қауырсындануының жалпы реңі қоңыр-сұр.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Құмды шөлдердегі сортаң учаскелерді, сексеуіл өскен құмды жерлерді, жусанды шөлдер мен қуаң далаларды мекендейді. Бір-бірінен қашық емес жерлерде жеке жұптарымен ұялайды. Ұясын жерге, шөппен жабылған шұңқырға салады.

Биотоптар: 1, 2, 3



Дала бозторғайы
Melanocorypha calandra

Сыртқы белгілері: Раз­ме­рі қараторғайдай ірі бозторғай. Қауырсындануының жалпы реңі қоңыр-сұр. Мойнының екі жағында қара дақтары болады. Ұшқанда қара қанаттарының шетіндегі ақ жиегі жақсы көрінеді.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Селеулі-жусанды, селеулі далада, құрғақ және су басатын шалғындарда мекендейді. Ұясы шөптің түбіндегі шұңқырда орналасады.

Биотоптар: 1, 2, 3



Қасқа тасшымшық (шақшақай)
Oenanthe pleschanka

Сыртқы белгілері: Разері торғайдай кішірек құс. Аталығы көктем мен жазда әртүрлі түсті, басының үсті ақ және арқасы мен қанаттары қара. Аналығы қоңыр түсті.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Ашық жерлерде мекендейді. Жазықта жарлы, сайлы, тік жағалаулы, құрылыстар мен қираған орындарды, теміржол үймесі бар учаскелерді таңдайды. Ұясын жасырын жерлерге - тас арасына, қуыстарға, індер мен басқа шұңқырларға салады. Кейде түрлі құрылыстардағы қуыстарды пайдаланады.

Биотоптар: 6, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Шөл тасшымшығы
(шақшақайы)
Oenanthe deserti

Сыртқы белгілері: Разері торғайдай. Аталықтары аналықтарынан жақсы ажыратылады. Аталықтарында басының, арқасының және құрсағының түсі қоңыр қызыл-жирен болып келеді. Ұрты, алқымы мен қанаттары қара. Аналықтарының қауырсындануында қара түс қоңыр түспен алмасқан, денесінің үсті мен асты қоңыр қызыл-сұр түсті.

Мәртебесі: Қазақстанның оңтүстік бөлігінде ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Өсімдік жамылғысына кедей құмды шөлдерде, сирек болса да сортаңдар мен тасты шөлдерде мекендейді. Ұяларын иесі жоқ кеміргіштердің індеріне, тас арасына, жусан түбіне, жерден 1-3 м биіктіктегі тас плиталарының астына немесе сазды жарықшақтарға салады. Сонымен қатар түрлі құрылыстардың қуыстарын да пайдаланады.

Биотоптар: 1, 2, 6, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Үй торғайы
Passer domesticus

Сыртқы белгілері: Аталықтарының басының үсті мен ұрттары сұр, алқымы мен төсі қара, денесінің үсті қоңыр-қызғылт, құрсағы ашық-сұр. Аналықтарының қауырсындануы негізінен бір түсті – қоңыр-қызғылт.

Мәртебесі: Отырықшы құс.

Биологиясы: Елді мекендерде, жеке үйлерде және т.б. жерлерде мекендейді. Жеке жұптарымен бірге бір-бірінен аса алыс емес немесе аса тығыз болмай топтанып ұялайды. Ұяларын түрлі құрылыстардың қуыстарына салады.

Биотоптар: 7



Шөл құнақ
Rhodospiza obsoleta

Сыртқы белгілері: Разері торғайдай. Қауырсындануында көмескі құба-сары түс басым. Қанаттарында қара және қызғылт қауырсындар байқалады. Тұмсығы қара. Аналықтары аталықтарына қарағанда ашықтау.

Мәртебесі: Ұялайтын жыл құсы.

Биологиясы: Ашық учаскелері (сортаңдар, аландар) бар сексеуіл тоғайларын, оазистерді, орман алқаптарын, баулар, шоқтоғайлар, сонымен қатар ауыл мен қалаларда, суға жақын жерлерде мекендейді. Ұяларын жер бетінен 1-4 м биіктікте ағашта немесе бұтада, сол сияқты түрлі құрылыстардың ыңғайлы жерлеріне орналастырады.

Биотоптар: 7





3.3. СҮТҚОРЕКТІЛЕР

ТШО территориясында сүтқоректілердің түрлік құрамы нағыз шөлдік сипатқа ие және 34 түрі кездеседі. Олардың басым көпшілігі тиісті биотоптардың отырықшы негізгі түрлері болып табылады.

Қарқынды құрылыс және өндірістік жұмыстар жүріп жатқан аудандарда кеміргіштерден басқа сүтқоректілер өте сирек кездеседі. Негізінен олар іргелес территориялардың табиғи биотоптарын мекендейді.

ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР


Қысқы ұйқы


Белсенді кезең

Құлақты кірпі *Hemiechinus auritus*

Сыртқы белгілері: Дене ұзындығы 10-20 см. Денесінің үсті ақшыл сары түсті инелермен жабылған. Ұзын құлақ қалқандар тән.

Мәртебесі: Еліміздің оңтүстік бөлігін мекендеуші.

Биологиясы: Шөлдер мен құрғақ далалардың түрлі типтерін мекендейді. Құрғақ өзен аңғарларын, сайларды, орман алқаптарын, ескі арықтар мен бұталар сирек өскен жерлерді, оазистер мен елді мекендердің маңын ұнатады. Ұзын әрі қалың шөп өскен учаскелерді ұнатпайды. Індерін өздері қазады, сирек болса да тасбақалардың, құмтышқандарының, түлкілердің індерін пайдаланады. Тәуліктік қараңғы уақытында белсенді.

Биотоптар: 1, 2, 3, 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Түлкі
Vulpes vulpes

Сыртқы белгілері: Размері орташа иттей. Реңі-жирен, сарғыш-сұр немесе сары, төсі мен құйрығының ұшы ақ. Тұмсығы мен құлағы үшкірленген, құйрығы үлпілдек.

Мәртебесі: Кең тараған түр.

Биологиясы: Көптеген биотоптарда мекендейді, Жиі елді мекендерде де кездеседі. Көбеюден басқа кезеңде жеке тіршілік етеді. Моногам. Қорек талғамайды.

Биотоптар: 1, 2, 3, 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Қарсақ
Vulpes corsac

Сыртқы белгілері: Пішіні түлкіге ұқсас, бірақ одан біршама кішілеу. Басы үлкен, құлағы үлкен және оның түбі жалпақ. Түсі қызғыл-сұр немесе боз реңді қызғылт-сұр, құйрығының ұшы қаралау.

Мәртебесі: Кең таралған түр.

Биологиясы: Құрғақ дала мен шөлейттерде рельефі бұйратты болып келген жерлерде мекендейді. Өзен аңғарларында, құрғақ арналарда, бекіген құмдарда кездеседі. Моногам. Қорек талғамайды.

Биотоптар: 1, 2, 3, 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Қасқыр
Canis lupus

Сыртқы белгілері: Размери үлкен иттей. Түсі ақшыл-сұр көмескі қызғылт және қара реңдер араласқан.

Мәртебесі: Елімізде біркелкі таралмаған, кей жерлерде сирек.

Биологиясы: Әртүрлі биотоптарда кездесуі мүмкін. Моногам. Жылдың көп мерзімінде қасқырлар жеке және топтанып көшіп-қонып жүреді. Қысқы топта 10-ге дейін қасқыр болуы мүмкін.

Іздері: Қасқырдың ізі үлкен, ұзарған, ұзындығы 10-18 см, ені 5-10 см. Екі ортаңғы саусақтары алға қарай шығыңқы. Іздерінің орналасуы – бір қатардың бойында. Иттердің іздерінің ерекшелігі олар жалпақ, алдыңғы саусақтарының ұзындығы жанындағыларына жақын, ал іздерінің орналасуы- ирелеңдеген (үзік түзулер).



Биотоптар: 1, 2, 3, 5

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Кәдімгі соқыртышқан
Ellobius talpinus

Сыртқы белгілері: Майда денелі аң (дене ұзындығы 10 -13 см). Көзі өте кішкентай, құлақ қалқаны жоқ. Түсі сұр-құба, мандайы қара, құрсағы сұр.

Мәртебесі: Кең таралған түр.

Биологиясы: Жазық далалар мен шөлейттерде мекендейді. Шоғыр құрып, топырақ қазып жер астында тіршілік етеді. Әртүрлі грунттарда күрделі ін қазады. Өсімдіктердің жерасты бөлімдерімен қоректеніп, жерастында қорек іздейтін күрделі жүйе жасайды, қазған топырақтарын жер бетіне шығарады. Шығарылған топырақтың формасы биіктігі 20 см-ге жететін асимметриялы төмпешіктер. Негізінен ымыртта белсенді. Қыста, өте ыстық және құрғақшылық кезіндегідей, белсенділігі төмендейді.

Биотоптар: 1, 2

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Қызылқұйрық құмтышқан
Meriones libycus

Сыртқы белгілері: Дене ұзындығы 17 см-ге жуық, құйрығының ұзындығы дене ұзындығына пара-пар. Құйрығының негізгі бөлігі құмтүстес-қызғылт, денесінің реңі бұған қарама-қарсы – қоңыр-сары. Құйрығының ұшындағы «шашағы» жақсы жетілген, оның түсі қара немесе қара-қоңыр.

Мәртебесі: Еліміздің оңтүстік бөлігінде кең тараған отырықшы түр.

Биологиясы: Шөл мен шөлейтте мекендейді. Бекіген құмдар мен қатты топырақты жерлерде мекендеуші. Құмда мекендеушілерге тән шоғыр құрып тіршілік етеді. Инде тұрады. Қыс айларында күндіз белсенді, жылдың жылы мерзімдерінде түнде белсенді.

Биотоптар: 2, 3

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Үлкен құмтышқан
Rhombomys opimus

Сыртқы белгілері: Құмтышқандарының арасындағы ең ірісі. Дене ұзындығы 20 см-ге, құйрығының ұзындығы 16 см-ге жетеді. Пішіні егеуқұйрыққа ұқсайды. Тұмсығы жайпақтау. Түсі құмтүстес-сары, қызғылт, қара-сұр немесе қара-сұр-сары. Құрсағы ақшыл. Құйрығының ұшында шашағы бар.

Мәртебесі: Еліміздің оңтүстік бөлігінде кең тараған отырықшы түр.

Биологиясы: Адырлы және адырлы-бұйратты құмды шөлдерде мекендейді. Таза тақырларда, сортаңдарда және өсімдік жамылғысы жоқ шағыл құмдарда кездеспейді. Инде бірнеше ондаған особьтардан тұратын үлкен шоғыр құрып тіршілік етеді. Тәуліктің жарық кезінде белсенді. Жазда ыстық кезде ұясынан сирек шығады. Суық мезгілде белсенділігі негізінен түс кезінде. Қатты аяздарда және қар жауғанда бірнеше күн қатарынан жер бетіне шықпауы да мүмкін.

Биотоптар: 1, 2

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Үй тышқаны (қаптесері)

Mus musculus

Сыртқы белгілері: Дене ұзындығы 10 см-ге жетеді, құйрығының ұзындығы дене ұзындығына пара-пар немесе одан сәл қысқа. Түсі сұр немесе құба-сұр, біртекті, құрсағы аздап ақшылдау. Құлақ қалқаны үлкен емес, дөңгелеген.

Мәртебесі: Кең тараған түр.

Биологиясы: Елді мекендерде кездеседі. Жыл бойы түнде белсенді.

Биотоптар: 7

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Зорман

Spermophilus fulvus

Сыртқы белгілері: Разері мысықтай, ірі денелі сарышұнақ. Дене ұзындығы 20 см-ден 40 см-ге, құйрығы 12 см-ге жетеді. Арқасы біртекті құмтүстес-сары, кейде қызылдау реңі болады.

Мәртебесі: Қазақстанның оңтүстік бөлігінде кең тараған отырықшы түр.

Биологиясы: Тығыз құмды грунтты шөлейтті жерлерде мекендейді. Қауіп-қатерді ертерек байқайтын өсімдіктері сирек жерлерді ұнатады. Әдетте топтанып тіршілік етеді, десе де әрбір сарышұнақтың жеке іні және территориясы болады. Күндіз белсенді, Терең қысқы ұзақ ұйқыға жатады.

Биотоптар: 1

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12
---	---	---	---	---	---	---	---	---	----	----	----



Құмқояны

Lepus (capensis) tolai

Сыртқы белгілері: Жазғы түсі қоңыр-сұр, қызғылт-сұр. Қысқы түсі жаздағыдан сәл ақшылдау, теңбілдері болады. Алқымы, құрсағы ақ. Құлағы ұзын және жалпак, ұшында кара дақтары бар. Құйрығы астынан ақ, үсті кара.

Мәртебесі: Қазақстанның оңтүстік бөлігінде кең тараған отырықшы түр.

Биологиясы: Шөлейттер мен шөлде мекендейді. Шөл аймағының шегінде жиі адырлы құмдарда, ал шағылдарда - сирек және әсіресе сазды шөлдерде - өте сирек кездеседі. Суқоймаларының (көлдер, өзендер және өзектер) жағаларында жиі қоныстанады. Негізінен ымыртта және түнде белсенді.

Биотоптар: 1, 2, 3, 5



Ақ бөкен (киік)

Saiga tatarica

Сыртқы белгілері: Размери қойдай орташа денелі антилопа. Аталығы аналығына қарағанда ірілеу және мүйізі бар. Киіктің өзіне тән ерекшелігі - үлкен мұрны. Жылдың жылы кезінде жез (қызғылт-сары) түсті, қыста түгі қалың, тығыз ақшыл, тіпті аппақ түске ие болады.

Мәртебесі: Сирек түр, ХТҚО Қызыл Тізіміне аса қауіп төнуші түр (CR) ретінде тіркелген.

Биологиясы: Дала мен шөлейтті жерлерді мекендеуші. Бірнеше ондықтан бірнеше жүздеген особьтардан тұратын топ құрайды. Маусымдық миграция жасайды, қысқа қарай шөлейтті аймақтың оңтүстік аудандарына қоныс аударады. Сор жерлерге тұз жалау үшін жиі барады.

Следы: Іздерінің таңбасы «жүрек» формалы болады.

Биотоптар: 1, 2




ҚОСЫМШАЛАР

СӨЗДІК

- Біріккен жеміс** – соплодие
- Гүлсағақ** (ұшында гүл шығатын өркен) – цветоножка
- Гүлсерік, гүлқоршау** (гүлдің сыртқы бөлімі) – околоцветник
- Гүлсидам** (гүл орналасқан сабақтың бөлігі) – цветонос
- Жабысқақ түктер** (өсімдік қабығын жабысып басатын түктер) – прижато-волосистый
- Жіптәрізді** (жіпке ұқсас жіңішке және ұзын) – нитевидный
- Жұмыртқасияқты** – яйцевидный
- Кедір-бұдырлы** – шероховатый
- Кері жұмыртқасияқты** (жапырақтың не жемістің формасы, жіңішке жағымен бағанаға бекиді) – обратнойцевидный
- Қайықсияқты** – ладьевидный
- Қалың түкті** (майда түктермен өте қалың жабыну) – войлочно-опушенный
- Қондырмалы** (сағағы жоқ жапырақтар) – сидячий
- Қосойысты** (өсімдіктің жемісі не басқа мүшесінің екі жағынан ойыс болуы) – двояковогнутый
- Пиязшыққа ұқсас қалыңданған** (немесе кеңейген) – луковичевидные утолщения
- Сағақты** – черешковый
- Созылыңқы** (ұзарған) – линейный
- Сынасияқты** – клиновидный
- Төмпешікті** – бугорчатый
- Түк басу** (өсімдік қабығын) – опушение
- Түрі өзгерген жапырақтар** (қолтығында гүлдер не гүл шоғыры түзіледі) – прицветники
- Ұзын сағақты жапырақ** (осы арқылы бағанаға бекиді) – длинночерешковый

ӨСІМДІКТЕРДІ СИПАТТАУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТЕРМИНДЕР


Жапырақтардың орналасуы



кезектесіп

қарама-қарсы

Жапырақтардың бекінуі




қондырмалы


ұзынсағақты

қысқасағақты

Жапырақтардың пішіні




Гүлшоғырлары




Жемістер



Жапырақтың тілімдену типтері



Жапырақ негізінің формалары



ҚОСЫМША АҚПАРАТТАР КӨЗДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

«Казэкопроект» ЖШС. «Қоршаған ортаның қазіргі жағдайының экологиялық зерттеу» есептемесі. 2010 - 2014 гг.

ИНТЕРНЕТ РЕСУРСТАРЫ

- Табиғаттанушылар қауымдастығы – www.inaturalist.org
- Ресей және іргелес жатқан елдердің өсімдіктері мен қыналары: ашық онлайн атлас және өсімдіктерді анықтағыш – www.plantarium.ru
- Қазақстанның қосмекенділері және рептилиялары – www.reptilia.club
- Қазақстан құстары – www.birds.kz


БАСПА БАСЫЛЫМДАРЫ



Рябицев В.К., Ковшарь А.Ф., Ковшарь В.А., Березовиков Н.Н. *Полевой определитель птиц Казахстана. (Қазақстан құстарын дала анықтағышы).* 2014



Рябицев В.К. *Птицы Средней Азии. Справочник-определитель в 2 томах. 2019 (Орталық Азия құстары. 2-томдық айырғыш-анықтамалық. 2019)*



L. Svensson. *Collins Bird Guide. The most complete guide to the birds of Britain and Europe.* 2010.



R. Ayé. *Birds of Central Asia.* 2012.

